

"Тимирязев ауданының ұйымдарындағы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" аудан әкімдігінің 2010 жылғы 29 қарашадағы N 231 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 30 мамырдағы N 144 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 9 маусымда N 13-12-129 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 27 қаңтардағы N 18 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2012.01.27 N 18 Қаулысымен

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 Заңының 21-бабына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 7-бабы 5) тармақшасына, 20-бабы 5-тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Тимирязев ауданының ұйымдарындағы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы» Тимирязев ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 29 қарашадағы № 231 қаулысына (Нормативтік-құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 13-12-118 тіркелген, 2010 жылғы 25 желтоқсандағы № 53 «Көтерілген тың», 2010 жылғы 25 желтоқсандағы № 53 «Нива» аудандық газеттерінде жарияланған) келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін.

Қаулымен бекітілген, Тимирязев ауданының ұйымдарындағы қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерінің тізімі (әрі қарай – Тізім) қосымшаға сәйкес 20-1 реттік нөмірі жолымен толықтырылсын;

Тізімнің 24 жолында «Жұмыс орындары» бағанда «6» санын «4» санымен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ж.Е. М а к е н о в а ғ а ж ү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Қасенов

« К Е Л І С І Л Д І » :

Солтүстік Қазақстан облысы
сот актілерін орындау жөніндегі

Департамент бастығы

С.С. Сағдат

Тимирязев ауданы әкімдігінің
2011 жылғы 30 мамырдағы № 144
қаулысына қосымша
Тимирязев ауданы әкімдігінің
2010 жылғы 29 қарашадағы № 213
қаулысымен бекітілген

Тимирязев ауданының ұйымдарындағы қоғамдық жұмыстардың түрлері мен көлемдерінің Тізімі

р/с №	Ұйымның атауы	Қоғамдық жұмыстардың түрлері	Жұмыстардың көлемі	Жұмыс орындары
20-1	Солтүстік Қазақстан облысы бойынша сот актілерін орындау жөніндегі Департаментінің Тимирязев аумақтық бөлімі	Ағымдағы және мұрағаттық құжаттар жұмыстарда, өндірістерді тіркеуге хат-хабарларды жеткізуге көмек көрсету	500 бірлік хат-хабарлар	2